

"Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Костанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 3 мамырдағы № 159 шешімі.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 мемлекеттік органның үлгі ережесіне сәйкес Сарықөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырган "Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережесі бекітілсін.
2. "Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:
 - 1) көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы шешімге қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Костанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сарықөл аудандық мәслихатының аппарат басшысына жүктелсін.
4. Мәслихаттың 2013 жылғы 20 мамырдағы № 87 "Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережесіне өзгерістер енгізу туралы" шешімінің күші жойылсын.
5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сарықөл аудандық мәслихатының хатшысы

К. Базарбаева

Сарықөл

аудандық мәслихатының

2022 жылғы 3 мамырдағы

№ 159 шешімімен

бекітілген

"Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 18.01.2023 № 264 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. "Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мәслихат аппараты) Қазақстан Республикасының Сарықөл аудандық мәслихатының ұйымдастырушылық, құқықтық, материалды-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, депутаттарға мәселелер бойынша көмек көрсететін мемлекеттік органы болып табылады.

2. Сарықөл аудандық мәслихатының аппаратында ведомстволары жоқ.

3. Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және қазақ тілінде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттілік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тараҧы болуға құқылы.

7. Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен аудандық мәслихат төрағасының өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 111600, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Сарықөл ауданы, Сарықөл кенті, Тәуелсіздік көшесі, 72.

Мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі:

Дүйсенбі-жұма сағат 08.30-ден - 17.30-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс күндер: сенбі-жексенбі.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Сарықөл аудандық мәслихаты аппаратының құрылтай құжаты болып табылады.

12. Сарықөл аудандық мәслихаты аппаратының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Сарықөл аудандық мәслихаты аппаратына кәсіпкерлік субъектілерімен "Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіліктері болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

14. Мақсаттары: азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындаудың жәрдемдесу.

15. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан мәслихат құзыреті мәселелері бойынша қажетті ақпараттар, құжаттар және өзге де материалдар сұрату және алу;

мәслихат аппаратын жүргізуғе қатысты мәселелер бойынша қызметтік хат алмасу;

2) міндеттері:

"Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі мәслихат пен оның органдарының ұйымдастыруышылық, құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, депутаттарға өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға көмек көрсету.

16. Функциялары:

мәслихат пен оның органдарының, мәслихат төрағасының қызметін ұйымдастыруышылық, құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

17. "Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне

жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын бірінші басшы - мәслихаттың төрағасы жүзеге асырады.

18. Мәслихат хатшысы мәслихат сессиясында депутаттардың арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен сайланады және қызметінен босатылады.

19. "Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының орынбасарлары болмайды.

20. "Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуді ұйымдастырады, сессияның күн тәртібін қалыптастырады, хаттаманың дайындалуын қамтамасыз етеді, мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, басқа да құжаттарға қол қояды;

2) депутаттар сауалдарының және депутаттық өтініштердің қаралуын бақылайды;

3) мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды, оның қызметшілерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

4) мәслихаттың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

5) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

6) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда мәслихат атынан өкіл болады.

"Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін мәслихаттың тұрақты комиссиялары бірінің төрағасы немесе мәслихат депутаты уақытша орындауды.

21. Мәслихат аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аудандық мәслихаттың аппарат басшысы басқарады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Мәслихат аппараты заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Мәслихат аппаратының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Мәслихат аппаратына бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, мәслихат аппараты өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғанған

мұлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Сарықөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК